

Алматы облысында және Алматы қаласы маңында әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1761 Қаулысы

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру, шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды инвестициялық ахуал жасау, Алматы облысына және Алматы қаласы маңына туристер ағынын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы облысында және Алматы қаласы маңында әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспарды орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) жыл сайын, жылдың және жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 1 қаңтарға және 1 шілдеге Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жыл сайын, 20 қаңтарға және 20 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

29

желтоқсандағы

№

1761

қаулысымен

бекітілген

Алматы облысында және Алматы қаласы маңында әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері

1	2	3	4	5	6
1. Тау шаңғысы курорттарын нормативті-құқықтық және институционалдық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар (бұдан әрі – ТШК)					
1.	Алматы облысы және Алматы қаласы тау шаңғысы курорттарын халықаралық және өңірлік деңгейі бойынша жіктеу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жылғы I тоқсан	талап етілмейді
2.	Қазақстан Республикасында Туризмді дамыту тұжырымдасын есепке ала отырып, халықаралық курорттардың даму операторларын және жобаларға мемлекеттің қатысу деңгейін айқындау	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
3.	Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (бұдан әрі-Іле-Алатау МҰТП) аумағында ТШК үшін жер учаскелеріне құқық беру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, АШМ, Қоршағанортамині, ЖРБА, Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жылғы III тоқсан	талап етілмейді
4.	Алматы қаласы ТШК дамытудың жүйелі жоспары (бұдан әрі – Жүйелі жоспар) шеңберінде жобалауға және салуға жоспарланып отырған ТШК аумағындағы объектілерді есепке ала отырып, жаңа мемлекеттік нормативтерді (мемлекеттік нормативтік құжаттарды) әзірлеу немесе қолданыстағыларға өзгерістер енгізу қажеттілігі жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, ТЖМ, СДША, ҚТКША	2013 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
5.	Жүйелі жоспарды есепке ала отырып, Іле-Алатау МҰТП-нің Бас жоспарын дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу	АШМ-нің қорытындысы	ИЖТМ	2013 жыл	талап етілмейді
6.	Халықаралық ТШК-тардың іргелес және кіреберіс аумақтары бөлігінде құрылыстың Бас жоспарларына өзгерістер әзірлеу /енгізу	Әкімдердің қаулылары	Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
7.	Жүйелі жоспарды іске асыру мәселесі жөнінде халықаралық сарапшыларды тарта отырып, сарапшы Кеңесін құру жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ	2013 жылғы I тоқсан	талап етілмейді

8.	Жүйелі жоспарға сәйкес Алматы қаласының туристік инфрақұрылымын жақсарту жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Әкімдіктердің қаулысы, ИЖТМ-мен келісу	Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
9.	ТШК-тарды салудың Бас жоспарларын ескере отырып, ТШК-қа тікелей іргелес жатқан аумақтардағы жер учаскелерін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мұқтаждықтар үшін мәжбүрлі түрде иеліктен шығару мүмкіндігін қарастыру	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы облысы және Алматы қаласы әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
2. ТШК-ның инженерлік-көліктік инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар					
10.	ТШК салудың Бас жоспарлары және жоспарлаудың егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеуге қаражат бөлу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
11.	Жаңа халықаралық ТШК-ның сыртқы инженерлік-көліктік инфрақұрылымының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге қаражат бөлу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
12.	Жаңа халықаралық ТШК-ның сыртқы инженерлік-көліктік инфрақұрылымының жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге қаражат бөлу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері	2013-2015 жылдар	талап етілмейді
13.	Халықаралық ТШК үшін инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысының кезеңдері бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
14.	Халықаралық ТШК-ның туристік инфрақұрылымы құрылысының фазалары бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері, Курортты дамыту операторы	2013 жыл	талап етілмейді
15.	Таудағы туристік маршруттар үшін қосымша туристік инфрақұрылымдарды жобалау және құрылысын салу бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері	2014 жыл	талап етілмейді
	Алматы қаласының халықаралық әуежайын				талап етілмейді

16	кеңейту бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ККМ, Алматы қаласының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	
17	Қапшағай қаласында жаңа әуежай құрылысын салу бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ККМ, Алматы облысының әкімдігі	2013 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
18	Әуеқатынасын кеңейту және жаңа бағыттар ашу мүмкіндігін қарастыру	ҚР Үкіметіне ақпарат	ККМ	2013 жыл	талап етілмейді
3. Тау шаңғысы спорты және тау, экологиялық және басқа туризмнің түрлерін дамыту жөніндегі шаралар					
19	Жүйелі жоспарды есепке ала отырып, тау шаңғысы және тау спортын, экологиялық және туризмнің басқа да түрлерін көпшілікке таныту жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, СДША, Алматы қаласы, облыстардың әкімдіктері	2013 жылғы II тоқсан	талап етілмейді
20	Тау шаңғысы спорты мен тау туризмін көпшілікке танытумен байланысты жыл сайынғы спорттық және ойын-сауық іс-шараларын (4-тен кем емес) өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ИЖТМ-ге ақпарат	Алматы қаласының әкімдігі СДША	2013-2020 жылдар	талап етілмейді
21	Тау шаңғысы спорты мен тау туризмі жөніндегі нұсқаушыларды даярлаудың біліктілік талаптарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, СДША	2013 жыл	талап етілмейді
22	Тау шаңғысы спорты мен тау туризмі жөніндегі нұсқаушыларды даярлауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі мәселені пысықтау	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, Алматы қаласының, Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
23	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының дене шынықтыру бойынша оқу бағдарламаларына тау шаңғысы спорты мен тау туризмін енгізу жөніндегі мәселені пысықтау	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, БҒМ, СДША, Алматы қаласының, Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
24	Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру негізінде туризм және қонақжайлық саласындағы мамандарды даярлау жөніндегі кәсіби стандарттарды әзірлеу туралы ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, БҒМ, Еңбекмині	2013 жыл	талап етілмейді
	Таудағы туристік маршруттарды әзірлеу және картаға түсіру жөнінде ұсыныстар енгізу. Жоғары қауіпті маршруттарды				

25	ерекше топқа бөлу. Туристік маршруттар үшін қосымша инфрақұрылымда қажеттілігін (туристер топтарының байланысқа шығатын бақылау пункті, жол көрсеткіштер, күркелер, тұрақтар және т.б.) айқындау	ИЖТМ-ге ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері, ТЖМ	2013 жыл	талап етілмейді
26	ТШК сыртқы және ішкі бейне бақылау камераларымен және қарау жүйелерімен жабдықтау жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері, ИМ	2013 жыл	талап етілмейді
4. ТШК аумағының экологиялық проблемаларын шешу жөніндегі шаралар					
27	ТШК құрылысының жобасын іске асырудың барлық кезеңінде экологиялық талаптардың сақталуына мемлекеттік экологиялық бақылау ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортаниі, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
28	Экологиялық сараптамалар өткізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері, Қоршағанортаниі	МЭС өткізудің экологиялық заңнамада белгіленген мерзімдерге сәйкес жобалар түскен сайын	талап етілмейді
29	ТШК құрылысы бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл тоқсан сайын	талап етілмейді
30	Биоәртүрлілікті сақтау мақсатында Іле-Алатау МҰТП аумағында инженерлік-техникалық араласу және басқа да шаруашылық қызмет деңгейін барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, АШМ, ҚТКША	2013 жыл	талап етілмейді
31	Алматы облысының және Алматы қаласының тау шаңғысы курорттарының базасында ерікті түрде апаттан құтқару жұмыстарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	ТЖМ, Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері	2013 жыл	талап етілмейді
32	ТШК аумағында жануарлардың көші-қон жолдарының бар болуы туралы ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	А Ш М , Қоршағанортаниі	2013 жыл	талап етілмейді
	ТШК аумағында тоғандар, көпірлер, су өткізу және су				

33	жинау құбырларын салу барысында балықтарды және басқа да су жануарларын қорғау жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	А Ш М , Қоршағанортамині	2013 жыл	талап етілмейді
34	ҚР аумағындағы ТШК құрылысы мен жұмыс істеуі, табысты әрі қауіпсіз дамуы, халықты және дүние-мүлікті апатты гидрометеорологиялық құбылыстардан сақтауды қамтамасыз ету мақсатында гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингтер жүргізу жөніндегі мәселені пысықтау	ҚР Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортамині	2013 жыл	талап етілмейді
35	Іле-Алатау МҰТП-нің аумағында ТШК құрылысына бөлінген таулы алқаптар аумағындағы халықаралық және қазақстандық Қызыл кітапқа енген флора мен фаунаның сирек кездесетін түрлері мекендейтін орындардың мониторингін жүргізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	А Ш М , Қоршағанортамині	2013 жыл	талап етілмейді
36	ТШК аумағына автокөлік құралдарын кіргізуге шектеу қою шараларын әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізу	ИЖТМ-не ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері , ИМ, АШМ	2013 жылдың II тоқсаны	талап етілмейді
37	Келу жолдары және тұрақ, оның ішінде арнайы көліктер орындарын жобалау жөнінде ұсыныстар енгізу	ҚР Үкіметіне ақпарат	Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдіктері , ИМ	2013 жыл	талап етілмейді

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ИМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

ЖРБА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі

СДША – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

ҚТКША – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық

ш а р у а ш ы л ы қ і с т е р і а г е н т т і г і
Қ Р – Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М Ұ Т П – м е м л е к е т т і к ұ л т т ы қ т а б и ғ и п а р к
ТШК – тау шаңғысы курорты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК